

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



# FinePower RL-5

## Жарықдиодты сақиналы шам

### Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда таңбасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз жоғары сапалы, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды қуана-қуана ұсынамыз. Пайдалануды бастамас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Сақиналы шам фото және видеотүсірілім жасау кезінде айналаны жарықтандыруға арналған.

### Сақтық шаралары

- Құрылғыны тек өз мақсатына қолданыңыз.
- Құрылғыны ылғалдан, түрлі сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен қорғаңыз.
- Бұл құрылғыға өте ыстық немесе өте суық температура әсер етпеуі және тікелей күн сәулесі түспеуі керек.
- Құрылғы жерге құлап кетсе, оны қолдануды тоқтатыңыз, ал сыртқы зақымын байқап қалсаңыз, сервистік орталыққа хабарласыңыз.


### Жиынтықтамасы

- Құрылғы.
- Телефон ұстағыш, 3 дана.
- Қашықтықтан басқару пульті.
- Алынбалы штативі.
- Қуат адаптері.

## Құрылғы схемасы



## Басқару пульті



1. Сақиналы шам.
2. Еден штативі.
3. Смартфон ұстағыш.
4. Еңкейту бұрышын реттеуге арналған бұрағышы бар шарлы бастиек.
5. Тірек биіктігінің фиксаторлары.
6. Қуат түймесі.
7. Жарықты арттыру түймесі.
8. Жарық температурасын азайту түймесі.
9. Жарықты азайту түймесі.
10. Жарықты тұмшалау түймесі.
11. Жарық температурасын арттыру түймесі.
12. Жарық температурасын ауыстыру түймесі (3000К/4500К/6500К).

## Пайдалану нұсқаулығы

1. Шамы және оның барлық элементтерін абайлап шығарып алыңыз.
2. Штативті тегіс бетке қойып, оның аяқтарын ашып қойыңыз.
3. Тіректің ұзындығын реттеп, оны фиксаторлардың көмегімен бекітіп қойыңыз.
4. Шарлы бастиекті тіректің бекіткішіне бұраңыз.
5. Шамы қажетінше қойып, еңкейіс бұрышын реттейтін бұrandаны қатайтыңыз.
6. Смартфонға арналған иілгіш бекітпесін шамға жалғаңыз.
7. Адаптердің көмегімен шамы қуат көзіне қосыңыз.
8. Смартфонды ұстағышқа қойыңыз.
9. Басқару пультіндегі қуат түймесін басып, құрылғыны қосыңыз. Жарық түрін таңдаңыз және тиісті түймелердің көмегімен жарық деңгейін реттеңіз. Қолданып болған соң, басқару пультіндегі қуат түймесін басып, құрылғыны өшіріңіз.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: RL-5.
- Қуат параметрлері: 220-240 В, 0.5 А, 50 Гц.
- Адаптердің шығыс кернеуі: 12 В.
- Қуат коэффициенті: 0.5.
- Жарықдиодты түрі: LED beads.
- Жарық диодтарының саны: 240 дана.
- Жарық температурасы: 3000 К - 6500 К.
- Қуаты: 30 Вт.
- Шамның жарық ағыны: 2000 лм.
- Шам өнімділігі: 66.7 лм/Вт.
- Лүпіл коэффициенті: 7%.
- Энергия тиімділігі классы: А.
- Түс жіберу индексі  $R_a$ : 80.
- Форм-фактор: ABS+PC.
- Қос өлшеу: басқарылатын.
- Шам диаметрі: 36 см.
- Шам корпусының материалы: ABS-пластик.
- Тірек материалы: алюминий құймасы.
- Тіректің максималды биіктігі: 1,9 м.
- Жиналған кездегі ұзындығы: 49 см.
- Кабель ұзындығы: 2,8 м.
- Сымның көлденең қимасы: 0,3 мм<sup>2</sup>.
- Электр тоғынан зақымданудан қорғаныс классы: 2 -класс.
- Қорғау дәрежесі: IP20.
- Өлшемдер: 355 x 50 мм.
- Салмағы: 2,21 кг.
- Жұмыс температурасы: -45 ° С-ден -80 ° С дейін.
- Қашықтықтан басқару пульті түрі: инфрақызыл.

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып, +5 °С-тан +40 °С-қа дейінгі температурада және 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Ғимарат ішінде коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэнь айТрэнд Тэкнолоджи Ко., Лтд.

№ 156, Лиятан өндірістік аймағы, Линьцунь, Танся, Дунгуань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі».
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық Экономикалық Одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.3

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру жұмыстары өкілетті сервистік орталықтарда жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелері мен тегін сервистік қызмет (оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса) тауар жинағына кіретін мына керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар мен олардың жалғағыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және т.б.), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған шнурлар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйыммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



## **Өндіруші төмендегідей жағдайларда кепілдік бойынша міндеттемелерді өз мойнына алмайды:**

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдаланушы нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындамауы салдарынан болған ықтимал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде пайда болған кетік, шытынаған жерлер, деформация, соққы іздері, майысқан жерлер, ойылған жерлер және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізгені байқалады. Ақау бұйымның конструкциясын немесе схемасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салдарынан туындаған жағдайларда.
- Бұйымдағы ақау алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірінің (сериялық нөмірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал кесірінен туындауы; құпиясөздерді (кодтарды) ауыстыру немесе жою салдарынан құрылғының бағдарламалық ресурстарын пайдалану мүмкіндігінен айырылу, сонымен қатар бағдарламалық құрал провайдері ондай қызмет көрсетпейтіндіктен, оларды қайтару/қалпына келтіру мүмкіндігінің болмауы.
- Қуат, кабель, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, соның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (ерекше) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің үйлеспейтін контентті (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымға қосылып жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зияндарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.







